

"Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 наурыздағы № 164 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **қаулы етемін:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауының ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
I. Президенттің өкілеттіктері туралы				
1.	Мыналарды заңнамада бекіту: Қазақстан Республикасы Президентінің президенттік өкілеттіктерді атқару мерзімінде саяси партияға мүшелігін тоқтату міндеті; Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдары мен квазимемлекеттік сектор басшылары лауазымдарын атқаруына тыйым салу; Қазақстан Республикасы Президентінің облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе оларды тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау;	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы, Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, ОСК	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз

	Қазақстан Республикасы Президентінің аудан, облыстық маңызы бар қала, аудандағы қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін лауазымынан босату құқығын жою	Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы		2022 жылғы желтоқсан
2.	Қазақстан Республикасының заңнамасына Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағалары мен мүшелерінің міндетті түрде партиядан шығуы туралы ережені енгізу	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, ОСК, ЕК, КК	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
3.	Әкімдер мен олардың орынбасарларының саяси партиялар филиалдарында лауазымдар атқаруына заң жүзінде тыйым салу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
II. Өкілді билік тармағын қайта құру				

4.	<p>Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатын жасақтау тәртібі мен оның бірқатар функцияларын қайта қарау, оның ішінде:</p> <p>Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатындағы президенттік квотаны 15-тен 10 депутатқа дейін қысқарту;</p> <p>Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының президенттік квота бойынша тағайындалатын 10 депутатының 5-еуінің кандидатурасын Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсыну құқығын айқындау;</p> <p>Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған заңдарды Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын көздеу;</p> <p>Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өкілеттігін Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы</p>	<p>Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p> <p>Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы</p> <p>Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары</p> <p>Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, ОСК, КК, ЖСК</p>	<p>2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан</p>
----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------

	Жоғары Сот Кеңесінің төрағалары лауазымдарына кандидатураларды келісу құқығымен толықтыру			
5.	Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасын жою арқылы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі депутаттық орындардың санын қысқарту. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне заңдарды қабылдау құқығын беру	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, ОСК	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
6.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Жоғары аудиторлық палата төрағасының есептерін жылына екі рет тыңдау құқығын бере отырып, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылауды күшейту	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, ЕК	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз

	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін Жоғары аудиторлық палата етіп қайта құру	Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы		2022 жылғы желтоқсан
7.	Қазақстан Республикасының заңнамасына Қазақстан Республикасы Президентінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің лауазымдарына кем дегенде екі кандидатураны баламалы негізде енгізу құқығын регламенттейтін түзетулерді әзірлеу, сондай-ақ мәслихат төрағасы лауазымын енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
III. Сайлау жүйесін жетілдіру				
8.	Мажоритарлық жүйе бойынша сайланған депутаттар үшін императивті мандат енгізе отырып, азаматтарға сайлану мүмкіндігін беретін аралас сайлау жүйесіне көшу: Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттардың 30 %-ы – мажоритарлық жүйе бойынша, 70 %-ы – партиялық тізімдер бойынша; облыстардың, республикалық	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, ОСК	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз

	<p>маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарына 50 %-ы – мажоритарлық жүйе бойынша, 50 %-ы – партиялық тізімдер бойынша; аудандар мен қалалардың мәслихаттарына – мажоритарлық жүйе бойынша</p>	<p>Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы</p>		<p>2022 жылғы желтоқсан</p>
<p>IV. Партиялық жүйе үшін мүмкіндіктерді кеңейту</p>				
9.	<p>Саяси партияларды тіркеу рәсімін жеңілдету, оның ішінде:</p> <p>саяси партияларды тіркеу үшін сан шегін 20 мыңнан 5 мың мүшеге дейін азайту;</p> <p>саяси партиялардың өңірлік өкілдіктерінің ең аз саны туралы талапты 600 адамнан 200 адамға дейін азайту;</p> <p>саяси партияны құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең аз саны жөніндегі талапты 1 мыңнан 700 адамға дейін қысқарту;</p> <p>мыналар:</p> <p>саяси партияны құру жөніндегі құрылтай съезін өткізу мерзімін 2 айдан 3 айға дейін;</p> <p>жаңадан құрылатын саяси партиялардың филиалдарын құру мерзімін 6 айдан 12 айға дейін ұлғайту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы</p>	<p>Үкімет</p>	<p>2022 жылғы тамыз</p> <p>2022 жылғы желтоқсан</p>
<p>V. Сайлау процесін жаңғырту</p>				

10.

Сайлау процесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау, оның ішінде:
тиісті регламенттер пен қағидаларды бекіте отырып, сайлау алдындағы үгіттеу кезеңінде әлеуметтік желілерде үгіт жүргізуге рұқсат беру;
байқаушылардың құқықтарын анық жазып және жауапкершілік аймағын нақты белгілей отырып, олардың қызметін заң жүзінде реттеу; аумақтық сайлау комиссияларын кәсіби негізге ауыстыру арқылы, олардың қызметінің қағидаттарын қайта қарау;
жекелеген адамдардың сайлау барысына ықпал етуіне жол бермеу мақсатында сайлау қорларына салынатын қайырмалдықтың шекті мөлшерін белгілеу;
сайлауға шетелдік араласуға жол бермеу үшін заңнамалық деңгейде шаралар қабылдау;
сайлау науқанына барлық қатысушылардың – кандидаттардың, байқаушылардың, сенім білдірілген адамдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының қаржылық жағынан

Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы

Үкімет, ОСК, ҰҚК, ҚМА

2022 жылғы тамыз
2022 жылғы желтоқсан

	барынша ашық болуын қамтамасыз ету			
11.	Екі рет дауыс беру ықтималдығын болдырмау, сондай-ақ кез келген учаскеде дауыс бере алу мақсатында сайлаушылардың бірыңғай электрондық базасын құрудың орындылығын қарау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ОСК	2022 жылғы тамыз
12.	Сайлау процесін ұйымдастырудың, сондай-ақ дауыс берудің баламалы нысандарын, оның ішінде электрондық, мерзімінен бұрын, қашықтан, көп күндік дауыс беруді пайдаланудың әлемдік үздік тәжірибесін зерделеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, ОСК	2022 жылғы тамыз
VI. Құқық қорғау институттарын күшейту				
13.	Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын құру, оған азаматтардың, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің де азаматтардың конституциялық құқықтарын тікелей қозғайтын мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының, Қазақстан Республикасы Заңының жобалары	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, БП, ЖС, ЖСК, КК, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз

	Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы жүгінуіне мүмкіндік беру	Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының Заңы		2022 жылғы желтоқсан
14.	Қазақстан Республикасының Конституциясында өлім жазасын жою туралы шешімді бекіту	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы	Президент Әкімшілігі, Үкімет	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым
15.	Азаптау туралы істер бойынша прокуратура органдарының айрықша тергеулігін белгілеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	БП, Үкімет	2022 жылғы маусым
16.	Қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін, оның ішінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа жазаны қатандату қажеттігі мәселесін пысықтай отырып, жүйелі шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БП, Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы мамыр
		Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы		

17.	"Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы	Президент Әкімшілігі, Үкімет Үкімет, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, БП	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
18.	"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы	Президент Әкімшілігі, Үкімет БП, Үкімет	2022 жылғы сәуір 2022 жылғы маусым 2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
				2023 жылғы 10 шілдеге дейін, тоқсан сайын,

19.

"Қазақстан
Республикасында
б е й б і т
жиналыстарды
ұйымдастыру және
өткізу тәртібі
туралы" Қазақстан
Республикасы
Заңының мүлтіксіз
сақталуын
қамтамасыз ету
жөнінде шаралар
қабылдау

Президент
Әкімшілігіне
ақпарат

Үкімет, БП,
Нұр-Сұлтан,
Алматы, Шымкент
қалаларының және
облыстардың
әкімдері

				кейінгі айдың 10-күніне дейін
20.	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің конкурстық рәсімдерінен онлайн-трансляциясын жасауды және олардың қорытындылары бойынша егжей-тегжейлі, дәлелді түсіндірмелер жариялауды енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	ЖСК, Үкімет	2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
21.	Сот алкабилерінің қатысуымен қарайтын істердің санатын кеңейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	ЖС, БП, Үкімет	2022 жылғы тамыз 2022 жылғы желтоқсан
VII. Бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайту				
22.	Мемлекеттің мүддесін, қоғамның сұранысын және медиасаланың даму үрдістерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қайта қарау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Заңы	Үкімет	2022 жылғы желтоқсан 2023 жылғы желтоқсан
23.	Мемлекеттің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын күшейту бойынша қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардың реформаларды дайындау мен іске асыруға, оның ішінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобаларын ашық талқылау арқылы кеңінен тартылуына	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	СЖРА, Үкімет	

	бағытталған тәсілдерді тұжырымдау			2022 жылғы сәуір
24.	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысын жалпыұлттық деңгейде жалғастыру үшін Ұлттық құрылтай құру	Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы	Үкімет	2022 жылғы сәуір
VIII. Елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру				
25.	Әкімшілік орталығы Семей қаласында болатын Абай облысын құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет, Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2022 жылғы маусым
26.	Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында болатын Ұлытау облысын құру	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет, Қарағанды облысының әкімі	2022 жылғы маусым
27.	Алматы облысын әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында болатын Жетісу облысына және әкімшілік орталығы Қапшағай қаласында болатын Алматы облысына бөлу	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	Үкімет, Алматы облысының әкімі	2022 жылғы маусым
28.	Қапшағай қаласының атауын өзгерту мәселесін халықтың пікірін ескере отырып пысықтау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет, Алматы облысының әкімі	2022 жылғы сәуір
	Халықтың санын ескере отырып, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттарындағы мемлекеттік қызметшілерді			

29.	оңтайландыру, оның ішінде әкімдер орынбасарларының үшеуден аспайтын (айрықша жағдайларда әкімдер орынбасарларының төртеуден аспайтын) лимитін белгілеу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Үкімет, МҚА	2022 жылғы шілде
IX. Жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру				
30.	"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасы Заңының жобасында мыналарды көздеу: мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқару институттарының функцияларының аражігін ажырату; халықаралық озық практикаға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттерін тікелей қаржыландыру тетігі; жергілікті өзін-өзі басқару органдарының меншік базасын кеңейту; бюджеттің төртінші деңгейінде сатып алу тәртібін жеңілдету; халықтың жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруы бөлігінде мәслихаттардың өкілеттіктерін кеңейту	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы маусым

31.	Жергілікті өзін-өзі басқарудың еуропалық хартиясын Қазақстанның ратификациялауы мәселесін пысықтау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Үкімет	2022 жылғы маусым
X. Дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі шаралар туралы				
32.	Дағдарысқа қарсы бірінші кезектегі шаралардың кешенді топтамасын шұғыл түрде іске асыру, оның ішінде мыналар көзделеді: ұлттық валютаның орнықтылығын қамтамасыз ету, ірі институционалдық ойыншылардың шетел валютасының ұсынылуын қамтамасыз ете отырып, оны сатып алуды өздерінің шарттық міндеттемелерін орындау аясында ғана жүзеге асыруы; мемлекет қатысатын компаниялардың экспорттық валюта түсімдерін сатуын ұлғайту мәселесін пысықтау, сондай-ақ жер қойнауын жекеше пайдаланушылармен өз валюта түсімдерін сатуын қамтамасыз ету мәселесін пысықтау; ; екінші деңгейдегі банктердің өз шарттық міндеттемелерін орындауы аясында клиенттерінің валюта сатып алуына бақылау мен мониторингті	Президент Әкімшілігіне ақпарат		2022 жылғы сәуір

	жүзеге асырудың сақталуына қатаң бақылау орнату		Үкімет, ҰБ, ҚНРДА	
33.	Егін егу науқанын сапалы жүргізуді қамтамасыз ету, оның ішінде фермерлерге жанар-жағармай материалдарының қажетті жеңілдікті көлемін бөлу, ауыл шаруашылығы техникасының дайындығын, тұқым мен тыңайтқыш қорларын тексеру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, облыстардың әкімдері	2022 жылғы 10 маусым
34.	Азық-түліктің тапшылығы мен бағасының өсуін болғызбау бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін мемлекеттік тұрақтандыру қорларына форвардтық сатып алуды жүзеге асыру	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан , Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы сәуір, маусым
35.	Туындайтын әлеуметтік-экономикалық тәуекелдер мен сын-қатерлерге байланысты отандық бизнестің проблемаларына Ахуалдық орталық режимінде жылдам ден қою тәсілдерін Дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі жедел штабтың аясында тұжырымдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Үкімет, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері	2022 жылғы сәуір
36.	Саяси жаңғыру стратегиясын ескере отырып, экономика мен мемлекеттік басқарудағы жаңа құрылымдық	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	СЖРА, Үкімет, ҰБ, МҚА, БҚДА	2022 жылғы шілде

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл	– Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
БҚДА	– Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
БП	– Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
ЕК	– Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
ЖС	– Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
ЖСК	– Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі
КК	– Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі
ҚМА	– Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
ҚНРДА	– Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
МҚІА	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ОСК	– Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
Президент Әкімшілігі	– Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
СЖРА	– Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Үкімет	– Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰҚК	– Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ІІМ	– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі